


# Ғалымның хаты өлмейді, Жақсының аты өлмейді



Ұлы Ұстаз Жақия Шайжүнісұлының шапағатқа толы сәулелі ғұмыры кімге болса да өнеге. Көздері жәутеңдеп, тағдыр талқысына түскен қаншама жетімекті бауырына басып, мейірім шуағына бөледі.

Саналы өмірін сан қилы ұрпақтарды оқытуға, тәрбиелеуге арнаған ардагер ұстаздың еңбек жолы туралы Өзихан Сағынаевтың 1983 жылы «Мектеп» баспасынан «Ұстаз мерейі» атты кітабы жарық көрген.





Бұл кітапта Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі, саналы өмірін сан қилы ұрпақтарды оқытуға, тәрбиелеуге арнаған ардагер ұстаз Жақия Шайжүнісовтің еңбек жолы әңгімеленеді. Кітап көпшілік оқырманға арналған.

«У этой человеческой судьбы, полной свершений и драматизма, и сейчас немало беспристрастных свидетелей, еще больше искренних воспоминаний.

В них память поколений о мудром добром Устазе, который прожил свой век как все люди и для людей» деп басталатын Сержан Рамазановтың «Потомкам завещанный подвиг» немесе «Ұрпаққа аманат» кітабы 1998 жылы Алматы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген.

Бұл кітаптың ішінде Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген әртіс

Болат Сыбановтың «Асыл аға» деген сөзін де, әнін де өзі жазған арнауы бар.



Жан аға, ардақты аға, асыл аға,  
Кем-кетік, жетімдерге болған пана.  
Төрімнен жүрегімнің жыр арнайын,  
Өзің ең үлгі тұтар жеке дара.  
Өтіп ең тар жол, тайғақ кешулерін,  
Еңбегің Батыр аға, есінде елдің.


Жаны жаз, көңілі дархан қайран Жақа,  
Тілегің қабыл болып, өсуде елің.  
Өтіпті талай жылдар содан бері,  
Ол кезде туған жерің бодан еді.  
Жүрегің қазағым деп армандаған,  
Бұл күнде гүлденуде Қазақ елі.

Ал, 2010 жылы жарық көрген Мұстафа Ильясұлының «Ғұмыр белестері» кітабының «Жапырақ жайған бәйтерек» деген үлкен бір тарауы өзінің ақылшы ағасы Жақия Шайжүнісұлының адамдығы, имандылығы, қайсарлығымен қоса, өмірде көрген қиыншылықтарына қарамай, жетімдерді жебеген еңбектері туралы жазған. Ұстаздың





өмірі мен еңбегі, ұрпақтары туралы көптеген фотосуреттер де қоса берілген.



Халық мұғалімінің тәрбиелік-педагогикалық мол мұрасын насихаттау үшін қаншама игі шаралар ұйымдастырылып жатады. Соның бірі қазіргі М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледждің ұйымдастырған «Қазіргі педагогикалық идеялар контексіндегі Жақия Шайжүнісовтің мұрасы» атты облыстық ғылыми-теориялық конференциясы. Балабақша, балалар үйі, мектептер, жоғарғы оқу

орындарынан қатысқан оқытушылар, мұғалімдер, тәрбиешілердің тың ой-пікірлер білдірген баяндамалары жинақ болып 2012 жылы басылып шықты.

2014 жылы Ұстаздың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында жарық көрген «Я люблю Семей» журналының 2 саны толығымен Жақия Шайжүнісұлының мол мұрасына арналды. Бұл журналдан ұрпақтарының, оқу орындарының, тәрбиеленушілерінің мол естеліктері мен баяндамаларын оқи аласыздар. Ұстаздың ұлағатты жолын ұлықтау мақсатында біздің де колледжімізде әр түрлі шаралар өткізіліп тұрады. Халық мұғалімінің еңбегі мен педагогикалық мұраларын насихаттау



мақсатындағы конференциялар, олимпиадалар, марафондар, жыл сайын Ұстаздың туған күніне арналған шаралар баспа беттерінде жарияланып тұрады.